

Э.О. Тойлыбекова

АЙЫПТАЛУШЫ МЕН ЖӘБІРЛЕНУШІНІҢ ЫМЫРАҒА КЕЛУІНІҢ ШЫНАЙЫЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

Қылмыс пен жаза ұғымы бір-біріне тікелей байланысты. Өйткені, қылмыскер өзінің қолмен істегенін мойнымен көтеріп, жасаған қылмысына сай жазасын алуы тиіс. Ол қылмысты қасақана жасады ма, әлде абайсызда ағат қадам басты ма, бәрібір заң алдында, қоғам алдында жауап беруге міндетті. Әркімнің білікті заң көмегін, сондай-ақ ол көмекті адвокаттың (қорғаушының) қатысуымен алуға құқығы туралы конституциялық ережені сақтау, сот ісін тараптардың бәсекелестігі және тең құқықтылығы негізінде жүзеге асыруға, іс бойынша ақиқатты анықтап, заңды да негізді сот шешімін шығаруға ықпал етеді. Қылмыстық процестің барлық кезеңінде сезіктіге, айыпталушыға, сотталушыға, сотталғанға қылмыстық қудалаудан, айыптау мен соттаудан қорғану құқығы берілген және кепілдендірілген.

Сот практикасын зерделеу - алдын ала тергеу барысында және сот төрелігін атқару кезінде конституциялық ережелердегі және қылмыстық іс жүргізу заңындағы қорғану құқығы туралы талаптардың сақталатындығын көрсетті.

Қылмыстық іс жүргізудің екі негізгі міндеті бар (ҚІЖК 8бап). Оның бірі істің тез және толық ашылуымен, оларды жасаған адамдарды әшкерелеумен және қылмыстық жауапқа тартумен, әділ сот талқылауымен және қылмыстық заңды дұрыс қолданумен байланыстырылса, екіншісі адамды және азаматты негізсіз айыптау мен соттаудан, олардың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауды, кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда - оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз етуі, сондай-ақ заңдылық пен құқық тәртібін нығайтуға, қылмыстың алдын алуға, құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға жәрдемдесуі тиістілігімен байланысты болып табылады. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін криминалистика көптеген әдістер қалыптастырады.

Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 33-бабында көрсетілген қылмыстар туралы істер жеке айыптау істері болып саналады, жәбірленушінің өтініші бойынша ғана қозғалады және оның айыпталушымен бітісуіне орай қысқартылуға тиіс. Криминалистика ғылымында қылмыспен күрес жалпы зерттеу объектісі ретінде қарастырылады. Ал пәні қылмысты тергеу кезінде кері әсерін тигізетін факторларды анықтау, оларға қарсы күрес механизмін қалыптастырып, әдіс-тәсілдерді дамыту болып табылады. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы: Қ.А. Мамидің өз сөзінде: «Қылмыстық іс жүргізудің қатысушыларының құқықтарын қорғау – өзекті де, толғақты мәселелердің бірі болып саналады. Тұлғаның құқықтарының шынайы түрде қамтамасыз ету – қылмыстық сот ісін жүргізу сферасындағы демократияны, ізгілікті бағалаудың өлшемі. Бұл үшін, тек қана қылмыстан зардап шеккен адамдардың құқықтары мен бостандықтарын ғана қорғау емес, сонымен қатар қылмыстық ізге түсуге тартылған адамдардың да құқықтары мен бостандықтарын сақтау қажет. Кінәсіздерді соттау, негізсіз қылмыстық жауапкершілікке тарту мүлдем жойылу қажет деп атап кетеді. Сондықтан әрбір қылмыстық сот өндірісіне қатысушылардың құқықтарын толық қорғалуын қамтамасыз ету үшін барлық заңмен тыйым салынбаған әрекеттер тізбегі жасалуы тиіс.

Өз кезегінде жәбірленуші мен айыпталушының бітімге келуі де соңғы кезде жиілеп кетті. Оның шынайы себептері келесідей:

- Айыпталушының шынайы түрде істеген әрекетіне өкініп, жәбірленушіден кешірім сұрай отырып, келтірілген залалдың материалдық түрде орнын толтыруы;
- Айыпталушының өкіне отырып, жәбірленушіден кешірім сұрап, істі жүргізуші тергеушімен сөз байласу арқылы, соңғысы жәбірленушіні әртүрлі әдістермен көндіруі;
- Әрекет қабілеті шектеулі жандарға залал келтірген айыпталушының жәбірленушінің қамқоршысымен сөз байласып бітімге келуі;
- Айыпталушының жәбірленушіні алдын ала қорқытып немесе күш көрсетіп, немесе көрсетемін деп қорқыту арқылы тергеушінің алдында бітімге келгендіктерін жалған түрде бейнелеу;
- Және өзге де жағдайлар.

Осы жағдайлардың біріншісінен басқасының барлығында заңсыз әрекеттер байқалады. Айыпталушы (қылмыскер) қылмыс жасағаннан кейінгі әрекеті объективті көрініс, ал оның ішкі күйзелісі, өкінуі және тағы басқа психологиялық жай-күйі субъективті көрініс болып табылады. Объективті және субъективті көрініс бірігіп үйлесімділік ие болған кезде нақты сипаттама беріп айыпталушының шын жағдайын жан-жақты анықтауға болады.

Жоғарыда аталған ситуациялардың барлығында сырт көріністен қарағанда барлығы ең бірінші жағдай секілді көрінеді, яғни айыпталушының шынайы түрде істеген әрекетіне өкініп, жәбірленушіден кешірім сұрай отырып, келтірілген залалдың материалдық түрде орнын толтыруы. Бұл әрине бастапқы алдамшы көрініс. Сондықтан лауазымды тұлға тергеуші немесе анықтаушы істің барысында алдамшы жағдайларды анықтаған кезде тексеру мақсатында келесі әрекеттерді жүзеге асыруы тиіс.

1. Айыпталушының жәбірленушімен жеке жүздесуіне тыйым салу. Яғни жүздесу, телефонмен байланысуын жеке өзі қатысуы арқылы шығуымен қадағалау.

2. Ымыраға келдік деп тапқан жағдайда, қайта жауап алынуы тиіс. Жауап алу процесінде нақты сұрақтар тізбегі алдын-ала жасалып қойылуы керек. Беттестіру тергеу әрекетін жасап, әр-түрлі криминалистикалық тактикалық тәсілдерді пайдалануы тиіс. Мақсаты нақтылау, кедергілерді анықтау, жәбірленушінің психикалық жай-күйіне сипаттама беру.

3. Әрекет қабілеттілігі шектеулі жандардың қамқоршысының жеке өмірбаянымен және жеке мінездемесімен толық танысу керек. Кез келген жағдайда түпкілікті шешім шығарар алдында қамқоршы мен айыпталушының арасындағы қарым-қатынас сипатын анықтау керек. Сонымен қатар, әрекет қабілеттілігі шектеулі жәбірленушіден жеке дара ситуацияға сәйкес маман қатыстыра отырып жауап алу керек. Және тағы басқа әрекеттер.

Сонымен барлық аталған сипатқа ие жағдайларды анықтау үшін, ең алдымен, біздің ұсынысымыз бойынша келесі талаптарды сақтау жәбірленушінің құқықтары мен бостандығын қамтамасыз етеді деп ойлаймыз.

– тергеуші өз ісіне адал болуы бірінші шарт болып есептеледі. Ал ол үшін тергеушінің адалдығына тек қана сенім арту жеткіліксіз деп есептейміз;

– тергеушінің әрбір әрекетін тиісті өкілетті лауазымды тұлғалармен қатаң бақылауға алынуы тиіс;

– жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын жетілдіру керек;

– айыпталушыға тиісті бұлтартпау шараларын қолдану.

Осы талаптар сақталғаннан кейін ғана жағдайларды анықтау және онымен күрес мәселелері туралы айтуға болады. Егер жоғарыда көрсетілген әрекеттер және тәртіп тізбегі жүзеге толығымен жүзеге асырылса, онда қылмыстық сот өндірісінде орын алатын келеңсіз жағдайлар азаяды деп ойлаймыз. Әрине бұл жұмыстың көлемі қылмыстық сот өндірісінде кездесетін кейбір мәселелерді ғана қамти алды. Алдағы уақытта жүйелі жұмыстар жасалады деген ойдамыз.

1. Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық. - Алматы: Жеті жарғы, 2008.

2. Ағыбаев А.Н. ҚР-дың Қылмыстық кодексіне түсіндірме жалпы және ерекше бөлімдер. - Алматы: Жеті жарғы, 2010.

3. Жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатудың бастапқы негіздерінің ерекшеліктері // Заң және Заман. – № 5. – 2005. – Б. 44-46.

4. Жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату нормасының қылмыстық құқық қағидаларына қайшылығы // Профилактическая деятельность государства как одно из основных средств сдерживания преступности в стране: Мат-лы междунар. науч.-практ. конф. Ч. 1. – Алматы: ООНИИРП Академии МВД Республики Казахстан, 2006. – Б. 477-482.

Эта статья посвящена изучению сложности отношений, возникающих после преступных действий между обвинителем и потерпевшим, а также законности примерения между обвиняемым и потерпевшим, которые владеют особой значимостью при ведении следствия преступления.

This article is devoted to the study of the relationships that arise after the criminal action between the prosecutor and the victim, as well as the legality of an agreement between the accused and the victim, who possess special significance in the conduct of the investigation of the crime.

М.С. Караманов

ОСОБЕННОСТИ РАССЛЕДОВАНИЯ ПРЕСТУПЛЕНИЙ С УЧАСТИЕМ ИНОСТРАННЫХ ГРАЖДАН

В соответствии со ст. 2 Закона Республики Казахстан «О правовом положении иностранцев» иностранцами в Республике Казахстан признаются лица, не являющиеся гражданами Республики Казахстан и имеющие доказательства своей принадлежности к гражданству иного государства. Иностранцы в Республике Казахстан согласно ст. 3 этого Закона имеют все права и свободы, а также несут все обязанности, установленные Конституцией, законами и международными договорами Республики Казахстан, за исключением случаев, предусмотренных данными нормативными актами